

قازاق تارىخى

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

ғылыми-әдістемелік журнал



1.2008

ЕРТЕ ТЕМІР ДӘУІРІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

(С.С. Черников еңбектері бойынша)

Досбол БАЙҚОНАҚОВ (БАЙГУНАКОВ),

тарих ғылымдарының кандидаты,
Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті

Тарих ғылымдарының докторы С.С. Черников — Қазақстанның көне дәуірін зерттеуге мол үлес қосқан археологтардың бірі. Сан қатпарлы еңбектерінде зерттеуші өткен ғасырдың орта тұсында Республиканың шығыс өңірлеріндегі тас дәуірінен бастап орта ғасырларға дейінгі тарихын бір ізге түсірді де, бұрын беймәлім болып келген проблемаларды қаузап, өзекті мәселелерді түйіндей келе қазақ халқының автохтондығы жайлы салықалы қорытындылар жасады. Оның ғылыми еңбектері сонысымен де құнды. **Күн өткен сайын төл тарихымыз кәсіби деңгейі төмен тарихшылар тарапынан бұрмаланып жатқан кезде, оған қатысты келелі пікір айтқан зерттеушілердің соны еңбектерін ғылыми талдаудан өткізу қажеттілігіне сұраныс арту үстінде.** Ғалымның өмірі мен шығармашылығы, оның ішінде тас және қола дәуірлері аралығындағы сауалдарды өрбітуі ішінара кейбір еңбектерде көтерілгенімен [1], ерте темір дәуіріндегі (ЕТД) ізденістерін жүйелеу әлі күнге дейін кенжелеп келеді.

Мақалада тарихнамалық бағытта көтеріліп отырған ерте темір дәуірі С.С. Черников ғылыми ізденістерінің маңызды бір бөлігін құрайды. Бұл дәуір ескерткіштерін ғалым Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясын (ШҚАЭ) басқарып жүргенде-ақ зерттей бастаған болатын. **Аталмыш экспедицияның ұзақ жылдар бойы еліміздің шығыс аудандарында далалық қазба жұмыстарын жүргізуі нәтижесінде тас пен қола дәуірлерінің әлемдік өркениет кеңістігін қамтығандығы нақтыланды.** Мұның өзі зерттеушінің шығармашылық дүниетанымының ғаламдық кең ауқымдылығын да көрсеткен еді. Ерте темір және одан бұрынғы тарихи кезеңдердің мәселелеріне арналған ой-пікірлері тереңдей келе, адамзат тарихындағы басқа замандармен де ізденістер арқылы үндесіп, Республиканың шығыс аймағының өткені хақындағы кең ауқымдағы тұжырымдарына жалғасты.

С.С. Черников жетекшілік еткен Шығыс Қазақстан археологиялық экспедициясы, әсіресе, өткен ғасырдың 50-жылдарында ерте темір дәуірінің бірқатар ескерткіштерін қарқын-

ды түрде зерттеді десе болады. Айталық, 1948 жылы Құлажорға және Баты ауылдары (Самар ауданы, ШҚО) маңындағы ерте темір дәуірінің ескерткіштерін қазды. Негізінен алғанда, Құлажорға ауылы маңындағы қорымдарды ғалым 1937 жылғы далалық маусымда тапқан болатын. Бұл ескерткіштерге зерттеушінің ерекше мән беру себебі: ерте темір дәуірінде Қазақстандағы тарихи процестерге көп уақыт бойы әсер еткен далалық тайпалардың өлеуметтік-экономикалық ерекшеліктері қалыптасқан болатын. Сонымен бірге Степняк ауданындағы археологиялық материалдар андроновтық мәдениет пен ЕТД мәдениеттерінің генетикалық байланысы анықталғанды. Мұндай ара-қатынас, С.С. Черников ойынша, металлургиялық орталықтардың бірі саналатын Шығыс Қазақстан материалдарынан да кездесуі мүмкін еді. Осы пікірлерді дәлелдеу үшін аталмыш нысандар таңдап алынады. Экспедиция жұмыстары барысында Құлажорғадағы №1-4, 7-8, 12-14, 18, 20, 27-31 обалар аршылады. Баты ауылы маңындағы қорымның №5-7, 9, 20, 27-30, 33, 35, 41-42 обаларынан алдыңғы аталған қорым материалдарына ұқсас заттар табылады. Оба құрылыстары, қабірдегі бұйымдардың өзара ұқсастығы С.С. Черниковқа бірінші қорымды б.з.б. III-I ғасырларға, екіншісін II-I ғасырларға жатқызып, кешенді б.з.б. III-I ғасырлармен белгілеуге мүмкіндік берді [2]. Материалдардан усунь, ғұн тайпалары мәдениеттерінің бөлшектерін аңғарған ғалым ЕТД-де Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігі арасындағы мәдени және этникалық байланыс орнағандығын көрсетіп берді.

Ал, 1950 жылы экспедиция Усть-Бухтарма, Усть-Нарым, Қызылту елді мекендері жанындағы қорымдардан 20-дан астам ЕТД обаларын қазады. Олардың көпшілігінің тоналғанына қарамастан экспедиция мүшелері б.з.б. IV-I ғасырларға жататын, Пазырық және Құлажорға кезеңдеріне төн бұйымдарды, обаларды ұшырас-тырады [3]. 1952 жылғы маусымда Қызылту қорымының 4-обасындағы ұжымдық қабірден

басқа бұйымдармен қатар «скифтер» типіндегі қазандар да алынады [4,56-59]. Сөйтіп, нәтижесінде зерттеуші Майәмір, Пазырық, Шілікті, Құлажорға, Сарыкөл секілді елді-мекендердегі ерте көшпенді тайпалардың андроновтықтар ұрпағы болғанымен жергілікті топтардың дамуы біртекті болмағандығын, олардың тарихи тағдыры әрқелжі болғандығын айта келе, қазақ халқының тарихи бастауы қола дәуірінен басталатындығына тұжырымдама жасады. Оның ойынша, Шығыс Қазақстаннан қазақ халқының ежелгі этногенездік кезеңдерін көруге болады. Себебі, Пазырық киіз аппликацияларындағы ою-өрнектің қазіргі қазақ оюларымен ұқсастығы кездейсоқтық емес, мұның өзі қазақ халқының тарихи тағдыры көне замандарға жететіндігін аңғартады [3,92]. Яғни, С.С.Черников қазақ халқының автохтондығын археологиялық мағлұматтар негізінде дәлелдеді.

1953 жылы аталмыш экспедиция басқа тарихи-мәдени кезеңдердің ескерткіштерімен қатар ЕТД обаларын да зерттеді. Дәлірек айтсақ, бұл жылы Мало-Красноярка, Пчела, Тұсқайын, Славянка елді мекендерінің маңынан бірнеше оба қазылады. Славянка деревнясы жанындағы қорым б.з.б. III ғасыр шебіне, Пчела мен Тұсқайын кенттері маңындағы обалар б.з.б. III-I ғасырларға жатқызылған. Соңғы археологиялық нысандар жерлеу ғұрпы мен қыш ыдыстар тұрпатына қарағанда Құлажорға мәдениетіне жатады. С.С.Черников пікірінше, бұл обаларда қытай жылнамаларында кездесетін у-ге тайпасының өкілдері жерленген [5, 17-18].

1956 жылы Құлажорға мен Усть-Буконь ауылдары төңірегіндегі қорымдарда ШҚАЭ бұрынғы жылдары жүргізілген жұмыстарын қайта жандандырады. 1949 жылғы Құлажорға қорымының толыққанды зерттелмей қалған нысандарында зерттеулер жалғасып, тағы да 18 оба аршылады. Алынған материалдар 1948-1955 жылдардағы өзге қорымдардағы (Славянка, Қызылту, т.б.) б.з.б. III-I ғасырларға жататын мәдениетке ұқсас еді. Есесіне, 54 обадан тұратын Усть-Буконь қорымынан бірегей материалдар алынады. Бұл қорымды ШҚАЭ мүшелері 1947 жылы кездестірген болатын. Сыртқы құрылысына қарағанда қорым Ертіс алабындағы басқа қорымдардан бірден ерекшеленеді. Аршып алынған заттар мен бұйымдар, оба құрылысы С.С.Черниковқа қорымды б.з.б. V-IV ғасырлармен мерзімдеуге мүмкіндік берді [6, 103-104]. Ғалым мұнда Шілікті алқабында жерленген көсемдер басқарған, осында тіршілік еткен тайпалар өкілдері өмір сүрген деп қорытындылайды. Шіліктідегі бесінші обаны 1960 жылы ШҚАЭ С.С. Черников жетекшілігімен қазады. Ең бірінші кезекте табылған төкелді, ассиметриялы-ромбылық садақ ұштарын тезінде ғалымдар (П.Рау, В.Н. Граков, П.Д. Либеров, А.А. Иессен, Т. Сулимирский,

К.Ф.Смирнов, т.б.) б.з.б. VII ғасыр мен б.з.б. VI ғасыр бас кезіне жатқызған еді. Мұндай садақ ұштары Алтай, Енисей орта ағысы, Орал, Қара теңіз жағалауы, Кавказ, Орта Азия, Балқан, Алдыңғы Азия, т.б. өңірлерден табылған болатын. С.С.Черников шіліктілік садақ ұштарының бұл аймақтардағы үлгілерін талдап, бесінші обаны б.з.б. VII-VI ғасырлармен мерзімдейді [7].

Жалпы алғанда, Шілікті алқабы сақ өркениетінің басты бір аудандарының бірі болғандығын да С.С. Черников өзінің «Загадка золотого кургана» атты монографиясында көрсетіп берген [8]. Кітапта автор Шілікті алқабындағы ескерткіштер жайын сипаттап, қорымның топографиялық суреттемесін жасайды да, бесінші оба қазбасы жөнінде анықтама береді. Еңбектегі қорым жоспары, обаның қазбасы, тас-бөренелі жерлеу қабірі жөнінде айтылған суреттеме ескерткіш жайлы толыққанды ақпарат алуға мүмкіндік береді. Мұнан соң С.С.Черников қола садақ ұштары мен 524 дана алтын заттарды сипаттап өтеді де, б.з.б. VIII-VII ғасырлардағы жазба дерек көздерін мұқият талдап, Ассирия, Мидия, Урарту елдерімен сақ-скиф тайпаларының өзара қарым-қатынастарын бір ізге түсіріп шығады. Ғалымның пікірінше қазақстандық-алтайлық дала тайпалары Алдыңғы Азияға оңтүстік жол арқылы, яғни Орта Азия жерін басып өткен. Олар бұған қарай Каспийдің оңтүстік жағалаулары арқылы жылжыған. Монографиясында С.С.Черников скиф өнеріне ерекше ден қояды. Ол «скиф өнері қайда және қашан қалыптасты» дей келе, көптеген ақпараттарды ғылыми талдаудан өткізеді де, б.з.б. VII-VI ғасырлар шебінде скиф-сібір аң стилі тек өмір сүріп қана қойған жоқ, ол сонымен бірге өз дамуында ұзақ жолды басынан өткерді деп тұжырымдайды. Сөйтіп зерттеуші сол уақыттағы бірқатар ғалымдардың (Д.Н. Эдинг, Г.О. Боровка, В.В. Гольмстен, С.В. Киселев, В.Н. Граков, М.Қадырбаев, т.б.) бұл өнер бастауы осында екендігін, оның ирандық түбірін айтқандардың сөзі бекер екендігін қолдады [8, 120-121]. Қазіргі күні Шілікті жазығында зерттеулер жүргізіп жүрген бір топ археологтардың (Ө.Т. Төлеубаев, Ғ.Қ. Омаров, т.б.) еңбектері мұндағы ерте темір дәуіріне тән хронология мен мәдениетке қатысты кейбір С.С.Черников пайымдауларының дұрыстығын көрсетіп отыр. Бүгінгі таңда Шіліктідегі Бәйгетөбе обасының материалдары сақ мемлекеттілігінің бұрынғы мерзімін ертерек уақыттарға (б.з.б. VIII ғ.) жылжыту қажеттілігін көрсетуде.

Ерте замандардағы мемлекеттілікке қатысты С.С.Черниковтың өзіндік ойлары болғанымен, мұны ол болашақта археологиялық ескерткіштерді (қала, оба, қоныс, т.б.) зерттеу барысында түпкілікті шешуге болады деп есептеді. Ғалым өзінің «Основные проблемы археологического изучения Казахстана» деп аталатын мақаласында

сақ-массагет заманынан бастап көне түркі дәуіріне дейінгі тайпалар мен халықтардың мұндай бірлестіктерін «ерте көшпенділердің тайпалық одақтары», одан кейінгі кездегі мемлекеттерді «тағы (варварлық) мемлекеттер» деп айқындады [9]. Шыңтуайға келгенде, зерттеуші қолында бұл мақаласын жазған кезде (1950 ж.) мардымды мағлұматтар болмаған еді. Сол себепті де ол көне замандардағы билік пен мемлекеттілікке қатысты салықалы қорытынды жасай алмаған еді. Есесіне археолог мұндай проблемаларды шешу үшін археологиялық карта жасау, беғазы типіндегі ескерткіштерді зерттеу, Отырар көшенин қазу және осы ауданда барлау жүргізу, антикалық, қытай және ортағасырлық деректемелерді зерттеу, қаңлы мен оғыз проблемаларын қарастыру, отырықшылар мен көшпенді халықтардың байланыстарын анықтау, т.б. көптеген сауалдарды шешу қажет екендігін айтты [9, 70].

С.С. Черников қарастырған проблемалардың бірі «ерте көшпенділер» сөзі болды. Бұл мәселенің біршама теориялық-методологиялық жайттарын ғалым «*О термине «ранние кочевники»* аталатын мақаласында қаузады [10]. «Ерте көшпенділер» түсінігін алғаш рет 1939 ж. М.П. Грязнов ғылыми айналымға енгізген болатын. Қазіргі таңда осы атаудың орнына көбіне «ерте темір дәуірі» сөзі қолданылады, оның хронологиялық шегі шамамен б.з.б. VII ғасырдан б.з. V ғасырына дейінгі аралықты қамтиды. Мұның өзі шартты түрде алынған. Аталмыш терминнің хронологиялық аясын С.С. Черников сол кездегі ғылыми ұстаным бойынша б.з.б. VIII ғасырдан б.з. алғашқы ғасырларымен белгіледі де, жоғарғы мерзімнің әлі нақты еместігін ескертті [10, 17]. Кейбір әдебиеттерде «ерте көшпенділер» атауы әлі де қолданыла береді.

Дегенмен, жазба дерек көздерінде дәуірге қатысты жалпылама түсініктің болмауы, бұл терминнің ұзақ жылдар кеңестік тарихнамада орнығып тұруына алып келді. Далалық аймақтардағы бір тарихи-мәдени кезеңде өмір сүрген барлық халықтар мен тайпаларды «скиф дәуірі», «скиф заманы» сынды сөздерді қолдана отырып бір терминмен атау зерттеушілер тарапынан біршама түсініспеушілікті туғызды. Себебі, жекелеген зерттеушілер жазба дерек көздеріне сүйеніп скиф сынды тайпаларды Моңғолия жеріне дейінгі аймақтан іздестірген болатын. Мұны айта келе С.С. Черников Дунай орта ағысынан Қытай егіншілік аймақтарына дейінгі ұлы дала белдеуіндегі көшпенділер тарихында, біріншіден, құлдық формацияның болмағандығын, бірақ құл еңбегі пайдаланылғандығын (үй құлы, қолөнерші құл, құл-тауар); екіншіден, таптық қоғам процестері баяу жүргендігін, оның «әскери демократия» сатысында ұзақ уақыт тұрып, үстем таптың бірігуі мен мемлекеттіліктің қалыптасуы нашар дамы-

ғандығын; үшіншіден, таптық иерархия, мемлекеттік құрылым тұрпаттары мен құқықтық институттар егіншілер қоғамындай дами қоймағандығын; төртіншіден, этногенез үрдістері де баяу қозғалғандығын; бесіншіден, көшпенділердің тарихының өне бойында отырықшылармен қақтығыстар жиі болып тұрғандығын; алтыншыдан, ірі көшпелілер тобының көбіне батысқа қарай қозғалатындығын; жетіншіден, барлық қоғамның ұйымдары әскери сипат иеленгендігін нақты айқындап берді [10, 19-20]. Сондай-ақ ол ерте көшпенділер Еуразия құрлығындағы көптеген түрлі халықтар мен елдердің тарихи тағдырының бірігуіне өз септігін тигізіп отырғандығын тұжырымдады. Сөйтіп, С.С. Черников кеңестік тарихнамада алғашқылардың бірі болып көшпелі өркениет теориясын қалыптастыруға өзіндік үлесін қосты.

Кеңестік дәуірде өмір сүргендіктен, С.С. Черников өз еңбектерінде таптық қоғам проблемаларына да аздап тоқталуға мәжбүр болды. Алайда оның тарихи пайымдаулары шындыққа жақын болғандығымен ерекшелінеді. Зерттеуші «*К вопросу о классовом образовании у кочевников»* деп аталатын еңбегінде ең алдымен «көшпенді» терминіне кеңінен тоқталып өтеді [11]. Бір айта кететін жайт, көшпенді терминіне оған дейін бірқатар ғалымдар тоқталған болатын. Айталық, С.И. Руденко [12] көшпенді деп егіншілікпен айналыспайтын тек мал өсірушілерді ғана атады, сонымен қатар кейде «жартылай көшпенді» терминін де қолданды. Ал, В.П. Шилов [13] болса, далалы өңірде тіршілік етіп, мал шаруашылығымен айналысқан қима мәдениетінің кейбір тайпаларын таныды.

С.С. Черников өз кезегінде бұл мәселе бойынша нақты шекті белгілеу мүмкін еместігін айтады, себебі адам баласының шаруашылық қарекеттері көп түрлі, оның өзі қай өндіріс саласы өзіне тиімді екенін анықтайды. Автордың ойынша, жетекші шаруашылығы мал өсіру болған жоғарыда аталған еуразиялық белдеудегі барлық тайпалар мен халықтар көшпелі болып табылады [11, 73]. Одан бергі уақытта көшпелілер, көшпелі империялар жайы ғалымдар тарапынан біршама тыңғылықты зерттеліп, оны қалыптастыратын негізгі факторлар анықталды. Қазіргі отандық тарихнамада көшпелі шаруашылықтың ең алдымен табиғи жағдайларға байланысты қалыптасқандығы туралы көзқарас басымдық танытады.

Ал, барлық көшпелі мемлекеттер тайпалық негізде құрылатындығын жазған С.С. Черников ғұндар қоғамындағы шаныюй қызметін, билік құрылымын жазба деректері арқылы талдаған. Нәтижесінде ғалым ғұндарда қанау нақты көрініс таппайды деген пікірге келген [11, 74]. Оның пайымдауынша, жер шаруашылығы неғұрлым өнім көбейген сайын онда таптық қатынас күшейе түседі, ал егіншілік рөл төмендеген сайын таптық қоғам әлсіз болады [11, 80].

Қорыта келгенде, ерте темір дәуіріндегі бір-қатар проблемалар С.С. Черников ғылыми ізденістерінің маңызды бір бөлігін құрады. Көптеген мәселелерді шешуде автор археологиялық және жазба дерек көздерін шебер ұштастыра білді. Нәтижесінде, қазақ этногенезінде ерте темір дәуірінің ғылыми мағлұматтары мол ақпарат беретіндігін, ұлттық этногенез бастауы аталмыш кезеңнің ертеректегі уақыттарынан бастау алатындығын айқындап берді, яғни қазақ халқының автохтондығын қолдады. Оның ғылыми ізденістері болашақта арнайы зерттеуді қажет етеді.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются некоторые труды С.С. Черникова, в частности касающихся проблем раннего железного века, так как они имеют большое значение в деле исторического изучения Казахстана. Успешное разрешение некоторых проблем, над которыми работал этот ученый дает возможность воссоздать древнюю историю Казахстана.

* * *

The article some scholarly S.S. Chernikow, consider revising problems the Iron Age. They to take place large importance really historical study Kazakhstan. Success decisions some problems, to be working on a see learned, to give possibility to reconstruct antique history Kazakhstan.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байгунаков Д.С. С.С. Черников – тас және палеометалл дәуірлерін зерттеуші / ҚазҰУ Хабаршысы, 2007. Тарих сериясы. №4.
2. Черников С.С. Отчет о работах Восточно-Казахстанской экспедиции 1948 г. / Известия АН Казахской ССР, 1951. Сер. археол. Вып. 3. 64-79
3. Черников С.С. Восточно-Казахстанская экспедиция 1950 г. / КСИИМК, 1952. Вып. XLVIII. С. 81-92
4. Черников С.С. О работах Восточно-Казахстанской экспедиции / КСИИМК, 1956. Вып. 64. С. 43-60
5. Черников С.С. К изучению древней истории Восточного Казахстана / КСИИМК, 1957. Вып. 69. С. 12-21
6. Черников С.С. Работы Восточно-Казахстанской археологической экспедиции в 1956 году / КСИИМК, 1959. Вып. 73. С. 99-106
7. Черников С.С. Золотой курган Чиликтинской долины / КСИА, 1964. Вып. 98. С. 29-32
8. Черников С.С. Загадка золотого кургана. М., Изд. -во «Наука», 1965.
9. Черников С.С. Основные проблемы археологического изучения Казахстана / Известия АН Казахской ССР, 1950. Серия историческая. Вып. 5. С. 63-70
10. Черников С.С. О термине «ранние кочевники» / КСИИМК, 1960. Вып. 80. С. 17-21
11. Черников С.С. К вопросу о классообразовании у кочевников / Проблемы советской археологии. М., 1978. С. 73-80
12. Руденко С.И. К вопросу о формах скотоводческого хозяйства и о кочевниках / ГО СССР. Материалы по отделению этнографии, 1961. Вып. 1.
13. Шилов В.П. Модели скотоводческих хозяйств степных областей Евразии в эпоху энеолита и раннего бронзового века / СА, 1975. №1.